

Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 441 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 9 қаңтарда № 7372 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 257 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 08.07.2014 № 257 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған тауардың шығарылуын растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. «Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 17 қарашадағы № 388 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6673 болып енгізілді, «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 3 ақпандағы № 35 (26437) нөмірінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте (Р.А.Сәтбаев):

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А.Тулеушинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтүзбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушы А. Рау

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрі міндетін атқарушының
2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 441
бұйрығымен бекітілген

Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Өтініш берушінің мәртебесін растайтын құжаттар:

1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырылған көшірме) – жеке тұлғалар үшін;

2) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы (қайта тіркеу) куәлігі және жарғысының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырылған көшірме) – заңды тұлғалар үшін;

3) жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырылған көшірме) – жеке кәсіпкерлер үшін.

2. Сыртқы сауда келісім-шартының (шарттың) түпнұсқасы мен көшірмесі және шот-фактура немесе шот-проформа немесе тауардың қаржылық және/немесе сандық параметрлерін көрсететін өзге де құжат (жүк бір жүк жөнелтушіден екінші сол бір жүк алушыға баратын ұзақ мерзімді сыртқы сауда шарттарын/мәмілелерін жүзеге асыру кезінде шот-фактура немесе шот-проформа т а л а п е т і л м е й д і).

3. Тауардың толығымен Қазақстан Республикасында шығарылған жағдайда тауардың толығымен Қазақстан Республикасында шығарылғаны туралы растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі

1) тауарды өндірушімен немесе тауарды алу туралы келісім немесе тауарды алыс-беріс туралы құжаттары;

2) жөнелтпе құжаттар;

3) астық қолхаттардың куәландырылған көшірмелері;

4) өнімді жинау орны туралы Өтініш берушінің анықтамасы;

5) есептен шығару актісі;

6) қайта өңдеу актісі;

7) тауарды тасымалдау туралы құжаттар;

8) дайын бұйымға техникалық паспорт немесе зауыт-әзірлеушінің сапа

т ө л қ ұ ж а т ы ;

9) шикізатты өнімдеу және жасау құқығы бар құжат (дайындаушы және өндіруші кәсіпорындар үшін);

10) тауар өндірудің технологиялық процесіне сәйкес стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар).

4. Тауардың Қазақстан Республикасында жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерімен шығарылған жағдайда тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін айқындауға арналған құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі

1) тауардың өндіруінде қолданылатын шикізат пен құрауыштарға келісімдер және/немесе төлемді құжаттар;

2) жүк құжаттар;

3) техникалық процестің қысқаша сипаттамасы;

4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар;

5) шетелде шығарылған пайдаланылатын шикізат немесе құрауыш бағасын ескере отырып, тауардың өзіндік құн есебінің шығын калькуляциясы.

5. Қызмет түріне (егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса) арналған лицензияның және (немесе) рұқсат қағаздың түпнұсқасы және көшірмесі.

6. Егер тауар жануарлардан, өзен және теңіз кәсіпшілігінен алынған тауар болса, сондай-ақ егер тауарлар жануарлар азығына арналған болса ветеринарлық сертификаттың түпнұсқасы және көшірмесі.

7. Қоймалық анықтаманың және (немесе) тауардың саны мен тұрған орнын көрсете отырып Өтініш берушідегі тауардың барын растайтын ресурстық анықтаманың түпнұсқасы және көшірмесі.

8. Жеміс-көкөніс өнімдері үшін:

1) Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының өндіруші көрсетуімен, көрсетілген аумақта өнімнің өсірілгені туралы анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі;

2) тауарды сатып алу шарты немесе заңды тұлғалар үшін сатып алу актісі әлбетте түпнұсқаны немесе тауар өндірушімен нотариалды куәландырылған шарттың көшірмесін ұсынуымен.

9. Қазақстан Республикасынан тауарды кері экспорттау кезінде:

1) тауарды алу туралы құжаттар (келісім, шот-фактура);

2) Қазақстан Республикасының аумағында тауарды жеткізуді растайтын құжаттар ;

3) тауардың шығарылуын растайтын құжаттар (тауардың шығу тегі туралы сертификат немесе тауардың шығу тегі туралы декларациясы).

Е с к е р т п е :

Құжаттардың түпнұсқалары оларды көшірмелерімен салыстырып тексергеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады.

Шарттың әрекет ету мерзімі бір күнтізбелік жылдан созылатын ұзақ мерзімді келісімдер (келісімшарттар) және Өтініш берушінің құқықтық мәртебесін, сонымен қатар сериялық өндірісті растайтын құжаттар оларға өзгерістер енгізуіне қарай бір рет ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ